

Смағұлов С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушысы.

Бумын қаған - ел қамын ойлаған түріктің тұңғыш көсемі

Түріктер туралы алғашқы дерек 542 жылдан бастап қытай жазбаларында кездеседі. Олар VI ғасырда Алтай тауы аймағын жайлап жатқан көшпелі тайпалар болатын. Сондықтан Алтай түрік әлемінің алтын бесігі болып табылады. 2011 жылы тамыз айының соңында Қазақстанның бастамасы және ұйымдастыруымен Шығыс Қазақстанда әлемдік деңгейдегі алыс және жақын шетел түркітанушыларының және елге белгілі тарихшы, қаламгерлердің қатысуымен «Алтай – түрік әлемінің алтын бесігі» атты тұңғыш халықаралық форум өткізілді. Оған қатысушыларға ҚР Президенті Н.Назарбаев арнайы құттықтау жолдады. Онда былай делінген: «Алтай – түрік әлемінің алтын бесігі» тұңғыш халықаралық форумына қатысушыларға сәлем жолдаймын. Алтай ежелден «өркениет бесігі» – Еуразия құрлығындағы көптеген түркі халықтарының атамекені саналады. Бұл ғажайып өлке Еуразияның географиялық және саяси орталығы болып табылады». Қазақстан басшысы өзінің құттықтауында сондай-ақ көне түркі жазбасы дәл осы жерде пайда болғанын, біздің ата-бабаларымыздың тарихы туралы айтатын көптеген ескерткіштердің де осы жерде жасалғанын атап көрсетті [1].

Әлемнің 12 елінен өкілдер келген айтулы шараға ТЮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, Қазақстан Республикасындағы Түркияның Төтенше және өкілетті елшісі Лале Улькер ханым, Жапонияның Төтенше және өкілетті елшісі Харад Юдзо, Корей Республикасы елшілігінің консулы Квон Донг-Сок және Ресей Федерациясы елшілігі істеріндегі уақытша сенімді өкілі Сергей Тарасенко қатысты.

Осы форум аясында Қатонқарағай ауданы Берел мұражайының маңында құрылған киіз үйлер қалашығында «Алтай – алтын бесігім» атты түркітілдес халықтардың халықаралық дәстүрлі музыкалық фестивалі өтті [2].

«Түрік» сөзінің өзі «күшті, мықты» дегенді білдіреді [3]. Көне түріктер тарихының басы олардың атақты қолбасшысы Бумынның есімімен тығыз байланысты. Оны кейбір әдебиетте және кейбір авторлар «Түмен» [4] немесе «Тұмын» [5] деп атайды. Шығыстүркістандық қазақ тарихшысы Нығымет Мыңжанұлы бұл есімді қытай иерологифінің таңбалануында Тумын–Түмен деп жазады. Ал Л.Н.Гумилев [6], С.Г.Кляшторный, Т.И.Султанов [7] және т.б. көптеген шығыстанушы, түріктанушы ғалымдар, тарихшылар көбінесе «Бумын» атауын қолданады.

Алтайдағы ашина түріктері бастапқыда жужандарға бағынышты болып, оларға алым-салық төлеп тұрған. Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» атты кітабында жазғанындай, Алтайда жужандардың иелігінде Ашин тайпалары өмір сүрді. Ашиндер металлургиямен, ұсталықпен айналысты, жужандарға қару-жарақ жасап, жеткізіп отырды. Бірақ, VI ғ. ортасына қарай күшейе

бастап, 545 жылы солтүстік Қытай мемлекетімен елшілік алмасып, дипломатиялық қатынас орнатады. Ол оқиға Л.Гумилевтің «Көне түріктер» еңбегінде былайша баяндалады: «Батыс Вэй императоры Вэнь-ди Ань Нопаньто деген біреуді достық қатынас жасау үшін түрік сұлтаны Бумынға жібереді. Түркіттерге 545 ж. келген елші қуанышпен қарсы алынды. «Ордадағылар: бүгін бізге ұлы мемлекеттен елші келді, ұзамай біздің мемлекетіміз де өрге өрлейді – деп бірін бірі құттықтай бастайды». Осынау елеусіз фактінің өзі жужандар өктемдігі түркіттерге ауыр тигені, бостандық жолындағы қашса – құтылмайтын соғыстан олардың тайсалмайтыны айқын көрінеді» [8].

Әрбір халықтың тарихы өзінің тамырларымен бағы замандарға қарай тереңдеп кеткенімен, күллі дәуір тарихшыларының халықтың шыққанын анықтайтын датаны сипаттауға ұмтылатын әдеттері бар. Түріктер үшін мұндай дата 545 жыл болды.

Осы тұста батыс теле рулары да жужан құлдығынан зар иледі. Ақырында олардың төзімі таусылып, көтеріліске шығады. Олар жужандарды тұтқиылдан басып қалу үшін Батыс Жоңғариядан Халхаға аттанады. Бірақ, жорықтың өте нашар ұйымдастырылып, уақыт есебінің нашар жүргізілгені сондай, оны жоспарлы ұйымдастырылған соғыстан гөрі, халықтың ашу-ызасының еркінен тыс бұрқ етіп көрінуі деп болжаған дұрыс тәрізді. Сондықтан, олар өз күштерімен жужандарды жеңе алмайтынын білген соң Бумынға мойынсұнатынын білдіріп, өздерінің ортақ жауларына қарсы әскери-саяси одақ құрды, екі туыс тайпа бірікті. Сөйтіп 546-жылы 50 мың теле түтіні Бумын қағанның қосынына қосылды [9].

Жужандармен арада жанжал тудыру үшін Бумын жужан ханы Анағұйдың (Кейбір әдебиетте – Анахуан) қызына үйленбекші болып сөз салады. Дала дәстүрі бойынша, бұл онда ханмен иық теңестіріп шыға келер еді, ал хан абыройын төккісі келмесе, бұған келіспеуге тиіс. Қаһарына мінген хан оған дөрекі жауап қайтарады: «Әй, сен менің телмірген теміршімсің (түріктер жужандарға темір балқытып беретін), маған мұндай көргенсіздік жасауға дәтің қалай барады!». Хан бетін қайырғасын Бумын жәбірленуші болып шыға келеді, оған керегі де сол. Бумын 552 жылдың қысында жорыққа шығып, тосыннан шабуыл жасап, жужандарды толығынан жеңіп шығады. Анағұй өзін-өзі өлтіреді, ал оның ұлы Яньлочен қашып құтылады. Нәтижесінде түрік тайпалары аңсаған азаттыққа қолы жетіп, бүкіл Орталық Азияда ең басты, күшті тайпаларға айналады.

Түрік ордасының алғашқы қағаны Бумын болған, оған Елхан деген атақ берілген. Ол елін құлдықтан құтқарып, қағанат дәрежесіне жеткізді. Аңыздарға қарағанда оған дейін де түріктердің Надулшад және Ақханшад деген қолбасшылары болған [10]. «Шад» сөзі ежелгі түріктерде билік иесі ұғымын білдіреді.

Сөйтіп, Түрік қағаны Бумынның көзге түсіп, ел аузындағы сөзге ілініп, Елхан деген атаққа ие болуы түрік жұртының ата жауы болып келген, жужандар (аварлар) қағаны Анағұйды 552 жылы талқандап, Ұлы Түрік қағанатының негізін қалауы еді. Осы 552 жылы Бумын «Ел қаған»

жарияланып, Түрік қағандығының іргесін қалап, шаңырағын көтереді. Ол алғашқы түрік этносаяси бірлестігінің негізін салушы. Түріктердің мемлекеттік дәрежеге көтерілуі 552 жылдан басталады. Міне, осы кезден бастап Түрік қағанаты саяси жағынан дами бастайды. Бірақ, бізге келіп жеткен деректер бойынша, Бумын қаған 552 ж. аяғында қайтыс болады. Одан кейін таққа оның баласы Қара Ыссық қаған деген лауазыммен отырады. Ол да көп ұзамай жұмбақ жағдайда қайтыс болады. Содан кейін билікке Бумын қағанның екінші ұлы Мұқан қаған (553-572 жж.) келіп, Түрік қағанатында ұзақ уақыт билік жүргізеді. Оның кезінде Түрік қағанаты Орталық Азияда саяси үстемдікке ие болып, одан әрі күшейе түседі. Осының арқасында Түрік мемлекеті жүз жылдан аса уақыт бойы Азияда ең жоғарғы орынға ие болып, VI-VII ғғ. ұлы мемлекеттермен бәсекелесе алатын дәрежеге жетеді. Ол енді жеке әңгіменің арқауы.

Бұл мемлекет және оның алғашқы билеушісі Бумын қаған туралы жазба деректер түрік тайпаларының өз тілінде жазылған «Үлкен Күлтегін», «Кіші Күлтегін», «Тоныкөк» құлпытастарындағы жазулардан белгілі. «Үлкен Күлтегін» жазуында былай делінеді:

Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

Адам баласы үстіне ата-тегім **Бумын қаған**,

Естеми қаған отырған.

Отырып, түркі халқының ел-жұртын

Қалыптастырған, иелік еткен.

Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,

Сарбаздарымен аттанып, төрт бұрыштағы халықты

Көп алған, бәрін бейбіт еткен,

Бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген.

... Түріктерді осылай қоныстандырған екен.

Білге қағандар екен, алып қағандар екен [11].

Сөйтіп, Ұлы Түрік қағанатының негізін қалаған, оның әуелгі иелері, соның ішінде, бірінші кезекте Бумын қаған кейінгі ұрпақ үшін, дала тұрғындары үшін ержүректік пен батырлықтың өшпес үлгісіне айналды.

VI ғасырдың аяқ кезінде Ұлы Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталып жатты және осы елдер тарихының көпшілік жәйттері түрік мемлекетінің тағдырымен байланысты болды. Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін Жерорта теңізі мәдениеті мен қиыршығыс мәдениеті бір-бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Түріктер тек арадағы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, сонымен қатар өз мәдениетін де дамытып, оны Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениетіне қарсы қойды. Ұлы Түрік қағанаты орта ғасырларда төрт «дүниежүзілік патшалықтың» бірі болып, солтүстіктегі жылқы патшасы империясы деп аталды. Көне түріктердің адамзат тарихындағы алатын орны мен маңызы орасан зор.

1. Егемен Қазақстан, 26 тамыз 2011ж.
2. Алаш айнасы, 26 тамыз 2011 ж.
3. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994. 22-б.
4. Қазақтың көне тарихы /Дайындаған М. Қани. – Алматы, 1993. 111-112-бб.
5. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. Алматы, 1995. 52-б.
6. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994. 27-б.
7. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992. 78-б.
8. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994. 25-26-бб.
9. Жұртбаев Т. Дулыға: Көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. Алматы, 1994. 2-том. 66-б.
10. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан. Алматы, 1995. 52-б.
11. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. 2-ші кітап. Алматы, 1991. 10-б.